

**Панфилов ауданының елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттерін бекіту туралы**

Алматы облысы Панфилов аудандық мәслихатының 2013 жылғы 12 сәуірдегі N 5-15-105 шешімі. Алматы облысының әділет департаментімен 2013 жылы 13 мамырда N 2351 болып тіркелді

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқасының пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 11-бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 13) тармақшасына сәйкес, Панфилов аудандық мәслихаты

**ШЕШІМ**

**ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Панфилов ауданының елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Панфилов аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 4-38-239 "Панфилов ауданының жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларын түзету коэффициенттері мен елді мекендердегі аймақтардың шекараларын бекіту туралы" шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 2011 жылы 27 қаңтарда 2-16-127 нөмірімен тіркелген, 2011 жылғы 09 ақпандағы аудандық "Жаркент өңірі" газетінің 7 нөмірінде жарияланған) күші жойылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың "Бюджет және экономика, аграрлық, кәсіпкерлік, өндіріс, жол, құрылыс мәселелері жөніндегі" тұрақты комиссиясына жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессиясының төрағасы*

*Ж. Толыбаева*

*Мәслихат хатшысы*

*Т. Оспанов*

**КЕЛІСІЛДІ**

**"Панфилов ауданының жер қатынастары бөлімі"**

мемлекеттік мекемесінің

Саурықов Арғынғали Бердіқожаұлы

басшысы

12 сәуір 2013 жыл

"Панфилов ауданы бойынша

салық басқармасы"

мемлекеттік мекемесінің

Бекмұхамбет Оразтай Нұратайұлы

басшысы

12 сәуір 2013 жыл

2013 жылғы 12 сәуірдегі "Панфилов  
ауданының елді мекендеріндегі  
бағалау аймақтарының шекаралары  
және жер учаскелері үшін  
төлемақының базалық ставкаларына  
түзету коэффициенттерін бекіту  
туралы" N 5-15-105 шешіміне  
қосымша

**Панфилов ауданының елді мекендеріндегі бағалау аймақтарының  
шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық  
ставкаларына түзету коэффициенттері**

N	Елді мекендердің атауы	Аймақ нөмірі	Жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері
1	2	4	5
1	Николай Головацкий атындағы ауылы (орталық орамы)	I	1,4
2	Көктал ауылы (орталық орамы)		
3	Кіші Шыған ауылы		
4	Үлкен Шыған ауылы		
5	Қырыққұдық ауылы		
6	Николай Головацкий атындағы ауылы (шығыс орамы)	II	1,2
7	Алтыүй ауылы		
8	Көктал ауылы (солтүстік орамы)		
9	Қорғас ауылы		
10	Ават ауылы	III	1,1
11	Шолақай ауылы		
12	Пенжім ауылы		
13	Үшарал ауылы		
14	Әулиеағаш ауылы		
15	Лесновка ауылы		

16	Көктал ауылы (өндірістік құрылыс)		
17	Сарыбел ауылы	IV	1,0
18	Диканқайрат ауылы		
19	Еңбекші ауылы		
20	Көктал-Арасан ауылы		
21	Көктал ауылы (оңтүстік орамы)		
22	Сұптай ауылы		
23	Нағарашы ауылы		
24	Тұрпан ауылы		
25	Айдарлы ауылы		
26	Садыр ауылы		
27	Надек ауылы		
28	Ақжазық ауылы		
29	Төменгі Пенжім ауылы		
30	Қоңырөлең ауылы (орталық орамы)		
31	Алмалы ауылы	V	0,8
32	Басқұншы ауылы		
33	Дарбазақұм ауылы	V	0,8
34	Кермеағаш ауылы		
35	Аққұдық ауылы	V	0,8
36	Қоңырөлең ауылы (оңтүстік-шығыс орамы)		
37	Шежін ауылы		
38	Ақкент ауылы		
39	Жаркент-Арасан ауылы		
40	Сарытөбе ауылы		
41	Бөрібай би ауылы		
42	Ынталы ауылы		
43	Ақарал ауылы	VI	0,8
44	Қызылжиде ауылы		

**Панфилов ауданы Жаркент қаласының бағалау аймақтарының шекаралары және жер учаскелері үшін төлемақының базалық ставкаларына түзету коэффициенттері**

N	Елді-мекен атауы	Аймақ нөмірі	Түзету коэффициенті
1	2	4	5
1	Орталық орамы	I	1,4
2	Солтүстік орамы	II	1,2
3	Оңтүстік-батыс орамы	III	1,0

4	Оңтүстік-шығыс орамы	IV	1,0
5	Солтүстік-шығыс орамы		
6	Батыс орамы		
7	Құрылыс салынбаған жерлері (Жаркент қаласының селітебтік аумағының шығыс жағы)	V	0,8
8	Құрылыс салынбаған жерлері (Жаркент қаласының селітебтік аумағының батыс жағы)		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК